

## **Балқаш ауданының мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы**

Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 5 сәуірдегі № 61 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2019 жылы 11 сәуірде № 5100 болып тіркелді "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабының 1-тармағына және "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 Қазақстан Республикасы Құрылыс және Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7232 тіркелген) сәйкес, Балқаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Балқаш ауданының мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері белгіленсін.

2. "Балқаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны Балқаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш ауданы әкімінің орынбасары Джунусбеков Жанат Тюлегеновичке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Балқаш ауданының әкімі*

*Ғ. Тоқпейісов*

Балқаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы "5" сәуірдегі "Балқаш ауданының мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы" № 61 қаулысына қосымша

**Балқаш ауданы Бақанас ауылы Ж. Жабаяев көшесіндегі № 46, № 47, № 48, № 49, № 50, № 51, № 52, № 53, № 54, № 55, № 56, № 57 және Достық көшесіндегі № 91, № 92, № 93, № 94, № 95, № 96, № 97, № 98 орналасқан мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін тұрғын үйлердің бір шаршы метр үшін айына төлемақы мөлшері**

Кондоминиум объектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін алынатын төлемақының мөлшерін есептеу кезінде мынадай көрсеткіштер қолданылды:

А – кондоминиум объектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері (айына бір шаршы метр үшін, теңге);

Ц – тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың (сатып алудың) құны (теңге);

Т – ғимараттың қызмет көрсету есептік мерзімі, жыл;

Р – пайдалануға, тұрғын үйдің ағымдағы және күрделі жөнделуіне, сондай-ақ жер учаскесін күтуіне қажетті төлемнің сомасы (айына бір шаршы метр үшін, теңге).

Тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың (сатып алудың) құны (Ц) ғимараттың құрылысына арналған жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес немесе ғимаратты мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша анықталады.

Ғимараттың қызмет көрсету есептік мерзімі (Т) "Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды қайта жаңарту, күрделі және ағымдық жөндеу" ҚР 1.04-26-2011 ҚН құрылыс нормаларына сәйкес анықталады.

Кондоминиум объектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін алынатын төлемақы мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$A = C/T/12 + P;$$

Ц = 8 098 334,40 теңге/68 м<sup>2</sup> (техникалық төлқұжаттың деректеріне сәйкес үйдің жалпы көлемі) 119 093,15 тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың құны (теңге);

$$T = 100 \text{ жыл};$$

$$P = 0 \text{ теңге};$$

$$A = 119\,093,15 : 100 : 12 + 0 = 99,24 \text{ теңге бір шаршы метр үшін айына.}$$